



«Халық» сақтандыру компаниясы» Қазақстан Халық банкінің еншілес сақтандыру ұйымы» АҚ-тың 2022 – 2024 жылдарға арналған

КОРПОРАТИВТІК СТРАТЕГИЯСЫ

«Халық» сақтандыру компаниясы» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы – «Halyk Group» қаржы тобының құрамына кіретін сақтандыру компаниясы, 1995 жылы құрылған. Мажоритарлық акционер – «Қазақстан Халық банкі» АҚ (үлесі - 99,99%).

Компания қайта сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асырады, сондай-ақ «жалпы сақтандыру» саласында сақтандырудың барлық түрлері бойынша қызметтер көрсетеді.

Компанияның миссиясы - Қазақстанның сақтандыру нарығын дамыта отырып, бизнес пен азаматтар үшін үздік сақтандыру компаниясы болу.

Компания құндылықтары:

Клиентке бағдарлану

Компания өз клиенттерінің қажеттіліктеріне назар аударып, олардың сенімін ақтайды.

Сенімділік

Компания сенімді сақтандырушы ретінде әрқашан өз міндеттемелері бойынша жауап береді.

Көшбасылық

Компанияның жұмысы қызметтің барлық бағыттары бойынша жетекші көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған.

Кәсібилік

Компания инновациялық тәсілдерді қолдана отырып, өз клиенттерін жоғары кәсіби деңгейде сақтандыру арқылы қорғауды қамтамасыз етеді.

«Халық» СК» АҚ-тың 2024 жылға дейінгі стратегиялық мақсаты - негізгі қаржылық көрсеткіштер (активтер, сақтандыру сыйлықақылары, пайда, ROE, ROA) бойынша жалпы сақтандыру компанияларының арасында позицияларын жақсартта отырып, әмбебап, теңдестірілген, клиентке бағдарланған сақтандыру компаниясын одан әрі қалыптастыру.